

«АЗМАТТАРГА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ _____ заңды
Туыс мемлекеттік қызметіне қатысты
Алғашқы тіркелген күні: 24.08.2006

ФИЛИАЛ НЕКОММЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ

произведена государственная переерегистрация
юридического лица: 24.09.2021

Дата первоначальной регистрации: 15.08.2004
БСНБИП: 060240005025

«Fincraft Resources» АҚ
АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖАЛПЫ
ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН
БЕКІТІЛГЕН
25 тамыз 2021 жылғы
№FR-7-2-01 хаттама



«Fincraft Resources»

АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ

ЖАРҒЫСЫ

1 - бап. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар туралы заңнамасына сәйкес жұмыс істейтін «Fincraft Resources» Акционерлік қоғамы қызметінің негізі болып табылады. «Fincraft Resources» Акционерлік қоғамының бұрынғы атауы «SAT & Company» акционерлік қоғамы болып табылады. «SAT & Company» Акционерлік қоғамының құрылуына «SAT & Company» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (Алматы қаласының Әділет департаменті берген 25.01.2005 жылғы 43446-1910-ЖШС мемлекеттік қайта тіркеу туралы куәлік.) «SAT & Company» Акционерлік қоғамына өзгеруі түрінде қайта құрылуы алғышарт болды.
2. «SAT & Company» Акционерлік қоғамы, өткізу актісіне сәйкес қайта құрылған «SAT & Company» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мүліктерінің, барлық құқықтары мен міндеттерінің құқық мирасқоры болып табылады.
3. «Fincraft Resources» Акционерлік қоғамының атауы (бұдан әрі - Қоғам):
 - 1) мемлекеттік тілде – толық - «Fincraft Resources» Акционерлік қоғамы, қысқартылған - «Fincraft Resources» АҚ.
 - 2) Орыс тілінде – толық – Акционерное общество «Fincraft Resources», қысқартылған – АО «Fincraft Resources».
 - 3) Ағылшын тілінде: Fincraft Resources Joint stock company, қысқартылған - Fincraft Resources JSC.
4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, А25D7Y5, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық данғылы, 300/26 үй.
5. Қоғам қызметінің мерзімі шектелмеген.

2-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

1. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Жарғыға (бұдан әрі - Жарғы) сәйкес жүзеге асырады. Қоғам заңды тұлғаның құқықтары мен міндеттерін оны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі органдарында мемлекеттік тіркеген күннен бастап иеленеді. Қоғамның өз атауы, мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген мөрі, жеке балансы, банктерде есеп айырысу және басқа да шоттары бар. Қоғамның өзіндік тауарлық белгісі және бейнелемесі, үлгілері болуы мүмкін, олар Басқармамен бекітіледі және заңнамамен белгіленген тәртіпте тіркеледі.
2. Қоғам өз атынан кез келген мәмілелерді жасауға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, міндеттер атқаруға, сотта талапкер, жауапкер және үшінші тұлға болуға құқылы.
3. Қоғам өз мүлкіне иелік етуді, пайдалануды және билік етуді өз қызметінің мақсаттарына сәйкес жүзеге асырады. Қоғамның оқшауландырылған мүлкі, дербес балансы бар және ол толық дербестік, өзін-өзі қаржыландыру және өз шығынын өзі өтеушілік негізінде әрекет етеді.
4. Қоғам өз қызметіне қажетті экспорттық және импорттық мәмілелерді жасау құқығын қоса алғанда, сыртқы экономикалық операцияларды өз бетіме жүзеге асыруға құқылы.

5. Қоғам кейін Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарын хабардар ете отырып, Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде өз филиалдары мен өкілдіктерін, сондай-ақ басқа тұлғалармен бірге еншілес шаруашылық ұйымдарды құруға құқылы.
6. Қоғамның, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес, құрылыс салуға, сонымен қатар өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті үй-жайларды, жерді, сондай-ақ әр түрлі жылжымалы және жылжымайтын мүлікті жалға алуға және беруге құқығы бар.
7. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өзінің мүлкі шегінде жауап береді. Акционерлер Қоғам шығындары үшін өздеріне тиесілі акциялардың құны шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді. Қоғам Акционерлердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
8. Қоғам Акционерлеріне Қоғам қызметі туралы барлық ақпарат Қоғамның www.fincraftresources.kz ресми сайты және (немесе) баспасөз басылымдары және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ғаламтор-ресурстары арқылы жеткізіледі.

3-бап. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

1. Қоғам қызметінің мақсаты жарғылық қызметті жүргізу жолымен пайда табу болып табылады.
2. Қоғам қызметінің негізгі түрлері келесілер болып табылады:
 - 1) инвестициялық қызмет;
 - 2) экономиканың түрлі салаларында қаржыландыру;
 - 3) халық тұтынатын тауарларды көтерме және бөлшек саудада өткізу;
 - 4) күрделі құрылысқа арналған инженерлік ізденістер;
 - 5) күрделі құрылысқа арналған жобалау жұмыстары;
 - 6) құрылыс құрастырмаларын, бұйымдар мен материалдарды дайындау және өндіру;
 - 7) сәулет-қала құрылысы қызметінің өзге де түрлері;
 - 8) өзінің материалдық-техникалық базасын құру, делдалдық және маркетингтік қызметтер көрсету, өкілдік ету және агенттік қызметтер көрсету;
 - 9) қоғамдық тамақтандыру, оның ішінде асханалар, дәмханалар, барлар, мейрамханалар және басқалар желілерін құру;
 - 10) коммерциялық дүкендер, сауда орталықтары желісін құру;
 - 11) ауыл шаруашылығы өнімін өндіру, дайындау, сақтау және қайта өңдеу;
 - 12) құрылыс-монтаждау жұмыстары;
 - 13) халық тұтынатын тауарларды өндіру;
 - 14) қонақ үй қызметі;
 - 15) жарнамалық қызмет;
 - 16) риэлторлық қызметтер;
 - 17) халыққа тұрмыстық қызмет көрсету;
 - 18) автожанармай құю станцияларының желісін ұйымдастыру;
 - 19) мұнай өнімдерін, жанар-жағармай материалдарын сатып алу, қайта өңдеу және өткізу;
 - 20) көлік құралдарын жөндеу және техникалық қызмет көрсету;
 - 21) жүктерді тасымалдау жөніндегі қызметтер және басқа да көліктік-экспедициялық қызметтер;
 - 22) ұйымдастыру техникасын, тұрмыстық теле-радио аппаратуралары мен электр жабдықтарын жөндеу және оларға қызмет көрсету;

- 23) бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу, енгізу және сүйемелдеу;
 - 24) аспапқұрылысы;
 - 25) сауда-сатып алу, сауда-өкілдік, оның ішінде сыртқы сауда қызметі;
 - 26) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлері болып табылады.
3. Айналысу үшін лицензия алу қажет қызмет саласындағы Қоғамның құқық қабілеттілігі мұндай лицензияны алған сәттен бастап пайда болады және одан айырған, әрекет ету мерзімі аяқталған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жарамсыз деп танылған сәттен бастап тоқтатылады.

4-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ

1. Қоғамның жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияны Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында (бұдан әрі - Заң) белгіленген талаптарға сәйкес оның анықталған нақтылы құны бойынша және инвесторлардың орналастыру бағасы бойынша төлеуі арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.
2. Құрылтайшылар қосқан акцияларды алдын-ала төлеу мөлшері Қоғамның жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем болмауы тиіс және оны құрылтайшылар Қоғамды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап отыз күн ішінде толығымен төлеуі керек.
3. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
4. Қоғаммен табыс есебінен өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті қорлар құрылуы мүмкін, олардың мақсаты, мөлшері, қағидалары, құрылу көздері және пайдалану тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін Қорлар туралы ережемен реттеледі.

5-бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

1. Қоғам Акционері құқылы:
 - 1) Заңда және (немесе) Қоғам Жарғысында көрсетілген тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;
 - 2) Қоғамның дауыс беруші акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе басқа Акционерлермен бірлесе иемденген жағдайда, Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді қосуға ұсыныс жасауға;
 - 3) дивидендтер алуға;
 - 4) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысымен немесе осы Жарғымен анықталған тәртіпте Қоғам қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
 - 5) орталық депозитарийден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
 - 6) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерлер ұсынуға;
 - 7) Қоғам органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібімен даулауға;
 - 8) 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірілген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның

лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелер және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруы туралы талап етумен, Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе басқа Акционерлермен өзі немесе бірлесе иемденген жағдайда, сот органдарына өз атынан жүгінуге;

- 9) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұрау салуға және Қоғамға сұраным түскен күннен бастап отыз күннің ішінде уәжді жауаптар алуға;
 - 10) Қоғам таратылған жағдайда, мүліктің бір бөлігіне;
 - 11) Заңда және Қоғам Жарғысында белгіленген тәртіпте Қоғам акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын өзге бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға.
 - 12) Акционерлердің жалпы жиналысының Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін Заңмен көзделген тәртіпте өзгерту туралы шешімді қабылдауында қатысуға.
2. Дербес немесе басқа Акционерлермен бірлікте Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін Акционерлер бір мезгілде келесідей шарттар болған жағдайда, Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының жекелеген мүшесінің жыл қорытындысы бойынша сыйақы мөлшері туралы ақпарат алуға құқылы:
- Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің өзі (өздері), не оның үлестес тұлғалары пайда (кіріс) алу мақсатында Қоғам Акционерлерін қасақана жаңылыстыру фактісін соттың анықтауы; егер Қоғамның директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының осы мүшесінің жосықсыз әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі Қоғам залалдарының туындауына әкеп соққаны дәлелденсе.
3. Ірі Акционердің сонымен қатар құқығы бар:
- 1) Акционерлердің жалпы жиналысын кезектен тыс шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талаппен сотқа шағымдануға;
 - 2) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
 - 3) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге.
4. Қоғам Жарғысымен және Заңмен белгіленген Акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.
5. Қоғам Акционері міндетті:
- 1) акцияларды төлеуге;
 - 2) орталық депозитарийге және (немесе) осы Акционерге тиесілі акцияларды номиналды ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы он күн ішінде хабарлауға;
 - 3) қызметтік, коммерциялық немесе басқа да заңмен және Қоғамның ішкі құжаттарымен қорғалатын құпияны құрайтын Қоғам немесе оның қызметі туралы ақпаратты жария етпеуге;
 - 4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.
6. Қоғам және орталық депозитарий Акционердің Заңның 15-бабы 1-тармағының 2-тармақшасында белгіленген талапты орындамауының салдары үшін жауапты болмайды.
7. Қоғам Акционерлерінің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленеді.
8. Қоғам айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.

9. Акционерлер-артықшылықты акциялардың меншік иелері жай акциялардың меншік иелері - Акционерлерінің алдында Қоғамның Жарғысында белгіленген алдын ала айқындалған кепілдік берілген мөлшерде дивидендтер алуға және Қоғам таратылған жағдайда, осы Заңда белгіленген тәртіппен мүліктің бір бөлігіне басым құқыққа ие болады.
10. Заңда белгіленген келесідей жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция Акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын бермейді.
Артықшылықты акция Акционерге Қоғамды басқаруға қатысу құқығын береді, егер:
 - 1) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселені қарайды. Орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі шектеулерді жақтап дауыс берген жағдайда ғана мұндай мәселе бойынша шешім қабылданды деп есептеледі;
 - 2) Олар бойынша шешім қабылдау артықшылықты акцияларды иеленуші Акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін келесілер туралы мәселелер жатады:
артықшылықты акциялар бойынша төленетін дивидендтердің мөлшерін азайту немесе мөлшерін есептеу тәртібін өзгерту;
артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібін өзгерту;
артықшылықты акцияларды Қоғамның жай акцияларына айырбастау.
 - 3) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғам артықшылықты акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын айқындау әдістемесіне (егер оны құрылтай жиналысы бекітпесе, әдістемені бекіту) өзгерістерді бекіту туралы мәселені қарастырады;
 - 4) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру, не тарату туралы мәселені қарастырады;
 - 5) Заңның 22-бабы 5-тармағының негіздері бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім өткен күннен бастап үш ай ішінде толық мөлшерде төленбеген.
11. Акцияларды шығарудың, орналастырудың, олардың айналысының, сондай-ақ жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында акцияларды шығару проспектісімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді.

6-бап. ҚОҒАМ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

1. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер, артықшылықты акциялар бойынша дивиденттерді айтпағанда, дивидендтерді төлеу туралы шешім Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның дауыс беретін акцияларының қарапайым көпшілігімен қабылданған жағдайда ақшамен немесе Қоғамның бағалы қағаздарымен төленеді. Дивидендтерді Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша бағалы қағаздармен төлеуге жол берілмейді. Қоғамның акциялары бойынша оның бағалы қағаздарымен дивидендтер төлеуге Акционердің жазбаша келісімі болған жағдайда, осындай төлем Қоғамның жарияланған акцияларымен және (немесе) ол шығарған облигациялармен жүзеге асырылған жағдайда ғана жол беріледі.
2. Дивидендтерді алуға құқығы бар Акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеудің басталу күні алдындағы күнге құрылуы тиіс.

3. Төленбеген дивидендтері бар акцияларды иеліктен шығару, егер Заңда және (немесе) акцияларды иеліктен шығару туралы шартта өзгеше көзделмесе, акцияның жаңа меншік иесінің оларды алу құқығымен жүзеге асырылады.
4. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер жылына бір рет төленеді. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу әр жылдың 31 шілдесінен кешіктірілмей жүргізіледі.
5. Қоғам акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы жасала алады. Төлем агентінің қызметін төлеу Қоғам есебінен жүзеге асырылады.
6. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі өтеп алынған, сондай-ақ сот немесе Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысымен оны жою туралы шешім қабылданған болса, акциялар бойынша дивидендтер есептелінбейді және төленбейді.
7. Қоғамның жай және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтер есептеу жол берілмейді:
 - 1) өз капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;
 - 2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда дивидендтерді оның акциялары бойынша есептеу нәтижесінде пайда болса;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда.
8. Акционер, Заңның 22-бабы 5-тармағының негіздері бойынша дивиденд есептелмеген жағдайларды қоспағанда, Қоғам берешегінің пайда болу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтердің төленуін талап етуге құқылы.
9. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Акционерге ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелетін дивидендтердің негізгі сомасы және өсімпұл төленеді.
10. Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсан немесе жартыжылдық қорытындылары бойынша дивидендтер төлеу тиісті кезең үшін Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Акционерлердің Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысының жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімінде бір жай акцияға арналған дивидендтің мөлшері көрсетіледі.
11. Қоғамның жай акциялары бойынша жыл қорытындысы бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды.
12. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқылы.
13. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімде келесідей мәліметтер болуға тиіс:
 - 1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және басқа да деректемелері;
 - 2) дивидендтер төленетін кезең;
 - 3) бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері;
 - 4) дивидендтерді төлеудің басталу күні;
 - 5) дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны;
 - 6) төлем агентінің атауы (төлем агенті болған жағдайда).
14. Артықшылықты акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшері осы кезеңдегі жай акциялар бойынша есептелетін дивидендтердің мөлшерінен кем болмайды.

15. Артықшылықты акция бойынша дивидендтің кепілді мөлшері - 01 (бір) теңге.
16. Қоғам артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу мерзімі басталғанға дейін бес жұмыс күні ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Заңның 23-бабы 3-тармағының 1), 2), 4), 5)-тармақшаларында санамаланған мәліметтерді, сондай-ақ Қоғамның артықшылық берілген бір акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін көрсете отырып, дивидендтер төлеу туралы ақпаратты қазақ және орыс тілдерінде жариялауға міндетті.
17. Дивидендтерді төлеу Акционерлердің жалпы жиналысы қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік тоқсан күннен кешіктірілмей жүзеге асырылуға тиіс.
Қоғамда немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде Акционердің өзекті деректемелері туралы мәліметтер болмаған жағдайда, Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін Орталық депозитарийде ашылған шотқа жүзеге асырылуға тиіс.

7-бап. ҚОҒАМНЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ

1. Қоғамның органдары:
 - 1) жоғарғы орган - Акционерлердің жалпы жиналысы (Жалғыз Акционер);
 - 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
 - 3) атқарушы орган - Басқарма;
 - 4) бақылау органы - Ішкі аудит қызметі (Акционерлердің жалпы жиналысы оны құру туралы шешім қабылдаған жағдайда) болып табылады.
Қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де органдарды құруы мүмкін.

8-бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

1. Акционерлердің жалпы жиналысы жылдық және кезектен тыс жиналыстар болып бөлінеді. Қоғам жылдық акционерлердің жалпы жиналысын жыл сайын өткізуге міндетті. Өзге жиналыстар кезектен тыс болып табылады.
2. Бірінші Акционерлердің жалпы жиналысы жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркегеннен кейін және акцияларды ұстаушылар тізілімін қалыптастырғаннан кейін екі айдың ішінде шақырылуы және өткізілуі тиіс. Акционерлердің бірінші Жалпы жиналысында Қоғамның директорлар кеңесі сайланады.
3. Жыл сайынғы Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі, өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд көлемі анықталады, акционерлердің Қоғам мен оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне жүгінуі және оларды қарау нәтижелері туралы мәселе қарастырылады. Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Акционерлерін директорлар кеңесі мен Қоғам Басқармасының мүшелерін сыйақы беру мөлшері және құрамы жайында ақпараттандырады. Жылдық Акционерлердің

- жалпы жиналысы олар бойынша шешім қабылдау оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді қарауға құқылы.
4. Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейін бес ай ішінде өткізілуі тиіс. Аталған мерзім есепті кезеңдегі Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкіндігі болмаған жағдайда, үш айға дейін ұзартылған болып саналады.
 5. Егер Қоғамда дауыс беретін акциялардың барлығы бір Акционерге тиесілі болса, онда Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді.
 6. Осы баптың 5-тармағында қарастырылған жағдайларда Қоғамның дауыс беретін акцияларының барлығын иеленген жалғыз акционер немесе тұлға заңды тұлға болып табылса, онда Заңмен және осы Жарғымен Акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді, Қазақстан Республикасының заңнамасына және заңды тұлғаның Жарғысына сәйкес, осындай шешімдерді қабылдауға құқылы ие заңды тұлғаның органымен, лауазымды тұлғасымен немесе қызметкерімен қабылданады.
 7. Акционерлердің жалпы жиналысын қатысу тәртібімен өткізу тәртібі Заңға, Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де Қоғамның құжаттарына, не Акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешіміне сәйкес айқындалады.
 8. Егер Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысында өзгеше белгіленбесе, Акционерлердің жалпы жиналысына кез келген тұлға қатыса алады. Мұндай тұлғалардың Акционерлердің жалпы жиналысында сөз сөйлеу құқығы Акционерлердің жалпы жиналысының Жарғысында немесе шешімінде белгіленеді.
 9. Қоғамның Директорлар кеңесі, не Акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен бекітілетін, Қоғамның ішкі қызметін реттейтін қағидаларымен және өзге де құжаттарымен Заңның талаптарына сәйкес оны өткізудің жұмыс тәртібі айқындалады.
 10. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:
 - 1) Қоғамның Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) Корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ қабылданған жағдайда оған өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
 - 3) Қоғамды ерікті түрде қайта құру немесе тарату;
 - 4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын көбейту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - 6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) орналастырылған бір түрдегі акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастың шарттары мен тәртібін анықтау;
 - 8) Есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және оларды сайлаған жағдайда олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

- 9) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін атқарғандығы үшін төленетін сыйақылар мен шығындарды өтеу мөлшерін және шарттарын анықтау;
 - 10) Қоғамның аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;
 - 11) жылдық қаржылық есепті бекіту;
 - 12) есепті қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және жыл қорытындысы бойынша Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 13) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 14) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғаларды құруда немесе өзге заңды тұлғалардың қызметінде қатысуы туралы, не болмаса жалпы сомасы Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) жолымен өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (Акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 16) Қоғамның Акционерлерді Акционерлердің жалпы жиналысы шақырылғандығы туралы хабарландыру нысанын анықтау;
 - 17) Қоғаммен олар Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта сатып алынған жағдайда, акциялардың құнын анықтау әдістемесіне өзгерістерді бекіту (егер әдістеме құрылтай жиналысымен бекітілмеген болса, оны бекіту);
 - 18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 19) егер мұндай тәртіп Қоғамның жарғысымен анықталмаған болса, Акционерлерге Қоғам қызметі туралы ақпараттарды беру тәртібін анықтау;
 - 20) «алтын акцияны» енгізу және жою;
 - 21) оның (олардың) нәтижесінде Қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызы сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешім қабылдау күніне құны қоғам активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан көп пайызын құрайтын мүлікті оның (олардың) нәтижесінде Қоғам сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдау;
 - 22) олар бойынша шешім қабылдау Заңмен және (немесе) Қоғам Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.
11. Акционерлердің жалпы жиналысының осы баптың 11-тармағының 2-4, 17 тармақшаларында көрсетілген мәселелер жөніндегі шешімдері Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады.
 12. Егер Заңмен және Қоғам Жарғысымен өзгеше бекітілмесе, Акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері дауыс беруге қатысатын Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады.

13. Акционерлерінің жалпы жиналысы осы баптың 11-тармағы 7)-тармақшасында көрсетілген орналастырылған бір түрдегі акцияларды басқа түрдегі акцияларға айырбастау бөлігіндегі мәселе бойынша шешім қабылдаған жағдайда, артықшылықты акцияларға ие акционердің құқықтарын шектеуі мүмкін шешім орналастырылған (өтеп алынғандардан басқа) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екісі дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналады.
14. Егер Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерімен өзгеше көзделмесе, олар бойынша шешім қабылдау Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді Қоғамның басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің құзыретіне беруге жол берілмейді.
15. Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жатқызылған мәселелер бойынша Қоғамның басқа органдарының кез келген шешімін жоюға құқылы.

9-бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ШАҚЫРУ ТӘРТІБІ

1. Жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын Директорлар кеңесі шақырады.
2. Кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысы келесілер бастамасымен шақырылады:
 - 1) Директорлар кеңесінің;
 - 2) Ірі Акционердің.
3. Акционерлердің жалпы жиналысына дайындықты және оны өткізуді жүзеге асырылады:
 - 1) Басқармамен;
 - 2) Қоғаммен жасалған шартқа сәйкес орталық депозитариймен;
 - 3) Директорлар кеңесімен;
 - 4) Қоғамды тарату комиссиясымен.
4. Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру, оны дайындау және өткізу бойынша шығындарды, Заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, Қоғам көтереді.
5. Қоғам органдары жылдық Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудың Заңда белгіленген тәртібін бұзған жағдайда, жылдық Акционерлердің жалпы жиналысы кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін. Қоғамның кезектен тыс Акционерлерінің жалпы жиналысы, Қоғам органдары ірі Акционердің кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы талабын орындамаған жағдайда, сол ірі Акционердің талабы бойынша қабылданған сот шешімі негізінде шақырылуы және өткізілуі мүмкін.
6. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы талап Директорлар кеңесіне Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарлама жолдау арқылы беріледі, ол хабарламада мұндай жиналыстың күн тәртібін қамтуы тиіс.
7. Қоғамның Директорлар кеңесінің ірі Акционердің талабы бойынша шақырылып отырған кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің ұсынылған тәртібін өзгертуге және күн тәртібіндегі сұрақтардың тиянақталуына өзгерту енгізуге құқығы жоқ.
8. Кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы талап ірі Акционерден (Акционерлерден) шығып отырған жағдайда, ол мұндай жиналысты шақыруды талап етіп отырған акционерлердің (акционердің)

аттарын (атауларын) қамтуы тиіс және онда оған тиесілі акциялардың саны көрсетілуі керек. Кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыруды талап етіп отырған тұлға (тұлғалар) қол қояды.

9. Директорлар кеңесі аталған талапты алған күннен бастап он күн ішінде шешім қабылдап, осындай шешімді қабылдаған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірместен, осы талапты қойған тұлғаға кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы, болмаса оны шақырудан бас тарту туралы қабылданған шешім жайында хабарлама жіберуге міндетті. Көрсетілген талапқа сәйкес кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысы шақырылған жағдайда, Директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелерді өз бетінше толықтыруға құқылы.
10. Қоғамның Директорлар кеңесінің ірі Акционердің талап етуі бойынша акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешімі келесі жағдайларда қабылдануы мүмкін:
 - 1) осы баппен бекітілген кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы талапты қою тәртібін сақталмаған;
 - 2) кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасының заңамасы талаптарына сәйкес келмеген жағдайларда қабылдана алады. Қоғамның Директорлар кеңесінің кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тарту туралы шешіміне сотта дау айтуға болады. Қоғамның Директорлар кеңесі Заңмен бекітілген мерзім ішінде ұсынылған талап бойынша кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдамаған жағдайда, оны шақыруды талап етіп отырған тұлға Қоғамды кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын өткізуге міндеттеу туралы талабымен сотқа жүгінуге құқылы.
11. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізімін Қоғам акцияларын ұстаушылар тізілімінің мәліметтері негізінде Қоғам тіркеушісі құрады. Аталған тізімді құру күнін Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылдаған күннен бұрын белгілеуге болмайды. Акционерлердің тізіміне жазылуы тиіс мәліметтерді уәкілетті органмен анықталады.
12. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар Акционерлердің тізімін құрғаннан кейін осы тізімге енгізілген тұлға өзіне тиесілі Қоғамның дауыс беретін акцияларын иеліктен шығарған жағдайда, Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы жаңа Акционерге өтеді. Бұл ретте, акцияға меншік құқығын растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.
13. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, уақыты және орны оған қатысуға құқығы бар тұлғалардың көпшілігі жиналысқа қатыса алатындай болып белгіленуі тиіс. Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің жалпы жиналысын қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы атқарушы органның орналасқан жері бойынша елді мекенде өткізілуі тиіс. Жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты мен жиналысты өткізу уақыты Қоғамның Есеп комиссиясына жиналысқа қатысушыларды тіркеуді, олардың санын есептеуді және оның кворумының болуын анықтауды жүргізуге жеткілікті уақытты қамтамасыз етуге тиіс. Қоғамның Акционерлері Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалған, байланыс құралдарын пайдалана отырып, көзбе-көз тәртіпте қашықтықтан жүргізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының отырысына қатысуға құқылы.
14. Акционерлер («алтын акцияның» иесі) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетіні туралы Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде

күнтізбелік отыз күн бұрын, ал оларды өткізу кезінде бір немесе одан да көп Акционерлерге хабарлау үшін пошта байланысы құралдары пайдаланылатын сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күннен кемінде күнтізбелік қырық бес күн бұрын хабарлануға тиіс.

15. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялануға, не оларға жіберілуге тиіс. Егер Қоғам Акционерлерінің саны елу Акционерден аспаса, хабарлама Акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы жеткізілуге тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама Акционерлерге қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда жіберіледі.
16. Шешімдері көзбе-көз немесе аралас дауыс беру арқылы қабылданатын Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада келесілер болуға тиіс:
 - 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының өткізілу күні, уақыты және орны, жиналысқа қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты, сондай-ақ егер өткізілуі тиіс бірінші жиналыс өтпей қалса, қайтадан өткізілетін Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының күні және уақыты;
 - 4) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығы бар Акционерлер тізімі құрылған күн;
 - 5) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) Қоғам Акционерлерін акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен таныстыру тәртібі;
 - 7) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу тәртібі;
 - 8) сырттай дауыс беруді өткізу тәртібі;
 - 9) оларға сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналыстары өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.
17. Аралас дауыс беру кезінде Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада заңда көзделген ақпаратқа қосымша бюллетеньдерді берудің соңғы күні көрсетіледі.
18. Шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламада келесілер болуға тиіс:
 - 1) Қоғам Басқармасының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысын шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар Акционерлердің тізімі жасалған күн;
 - 4) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу үшін бюллетеньдерді берудің басталған және аяқталған күні;
 - 5) сырттай дауыс беру нәтижелерін есептеу күні;
 - 6) Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 7) Қоғам Акционерлерін акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдармен таныстыру тәртібі;
 - 8) дауыс беруді өткізу тәртібі;
 - 9) оларға сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы өткізілетін Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің нормалары.

19. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысын өткізу Акционерлердің бастапқы (өткізілмеген) Жалпы жиналысы белгіленген күннен кейінгі келесі күннен ерте емес уақытта тағайындалуы мүмкін.
20. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмеген жерде өткізілуіне тиіс.
21. Акционерлердің қайталама Жалпы жиналысының күн тәртібі Акционерлердің өткізілмеген Жалпы жиналысының күн тәртібінен өзгеше болмауға тиіс.
22. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі қалыптастырады және онда талқылауға шығарылатын нақты тұжырымдалған мәселелердің толық тізбесі болуға тиіс.
23. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысын ашу кезінде Директорлар кеңесі күн тәртібін өзгерту жөнінде өзі алған ұсыныстар туралы баяндауға міндетті.
24. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста ұсынылған дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.
25. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізілуі мүмкін:
 - 1) дербес немесе басқа Акционерлермен жиынтықта Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін Акционерлер немесе Директорлар кеңесі ұсынған толықтырулар, Қоғамның Акционерлеріне мұндай толықтырулар туралы Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда;
 - 2) егер Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының кемінде тоқсан бес пайызын иеленетін Акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі оларды енгізуді жақтап дауыс берсе, өзгерістер және (немесе) толықтырулар.
26. Қатысу тәртібімен өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі, егер орналастырылған (сатып алынғандарын шегере отырып) артықшылықты акциялардың жалпы санының кемінде үштен екісі енгізілуіне дауыс берсе, ол бойынша шешім артықшылықты акцияларды иеленуші Акционерлердің құқықтарын шектеуі мүмкін мәселемен толықтырылуы мүмкін
27. Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай және (немесе) аралас дауыс беру арқылы шешім қабылдаған кезде Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.
28. Акционерлердің жалпы жиналысы оның күн тәртібіне енгізілмеген мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы емес.
29. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарда осы мәселелер бойынша негізделген шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемде ақпарат болуға тиіс.
30. Қоғамның органдарын сайлау мәселелері жөніндегі материалдарда ұсынылып отырған кандидаттар туралы келесідей ақпарат болуға тиіс:
 - 1) тегі, аты, сондай - ақ қалауы бойынша-әкесінің аты;
 - 2) білімі туралы мәліметтер;
 - 3) Қоғамға үлестестігі туралы мәліметтер;
 - 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған лауазымдары туралы мәліметтер;
 - 5) кандидаттардың біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын өзге де ақпарат қамтылуға тиіс.Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе енгізілген жағдайда материалдарда Директорлар кеңесінің мүшелігіне

ұсынылып отырған кандидат қандай Акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) ол Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымына кандидат болып табылатыны көрсетілуге тиіс. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат акционер не Заңның 54-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жеке тұлға болып табылған жағдайда, онда бұл мәліметтер де Акционерлердің тізімі қалыптастырылған күнгі Қоғамның дауыс беретін акцияларын Акционердің иелену үлесі туралы деректер енгізіле отырып, материалдарда көрсетілуге тиіс.

31. Акционерлердің жылдық Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар келесілерді қамтуға тиіс:
 - 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
 - 2) жылдық қаржылық есептілікке аудиторлық есеп;
 - 3) Директорлар кеңесінің өткен қаржы жылындағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстары;
 - 4) Акционерлердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы ақпаратты қамтиды;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу бастамашысының қалауы бойынша өзге де құжаттар.
32. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Акционерлердің танысуы үшін Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде жиналыс өткізілетін күннен кемінде он күн бұрын дайын әрі қолжетімді болуға, ал Акционердің сұранымы болған жағдайда – сұраным алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жіберілуге тиіс; егер Жарғыда өзгеше көзделмесе, құжаттардың көшірмелерін жасауға және құжаттарды жеткізуге жұмсалатын шығыстарды Акционер көтереді.
33. Егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған жағдайда (барлық бюллетеньдер берілген күні, не сырттай дауыс беру арқылы Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде бюллетеньдерді беру мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызын иеленетін Акционерлер (Акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.
34. Акционерлердің өткізілмегенінің орнына қайта өткізілетін Жалпы жиналысы күн тәртібінің мәселелерін қарауға және келесілер болса, олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы:
 - 1) кворумның болмауы себебінен өтпеген Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталса;
 - 2) тіркеу аяқталған жағдайда, оған қатысу үшін жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акцияларының қырық және одан да көп пайызын иеленетін Акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін Акционерлер.

10-бап. ДАУЫСТАРДЫ САНАУ ТӘРТІБІ

1. Есептік комиссия Акционерлер саны жүз және одан да көп Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысында сайланады. Акционерлер саны жүзден кем Қоғамда Есеп комиссиясының функцияларын Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырады.

- Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша есеп комиссиясының функциялары орталық депозитарийге жүктелуі мүмкін.
2. Есеп комиссиясы немесе оның функцияларын орындайтын тұлға:
 - 1) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін келген тұлғалардың өкілеттіктерін тексереді;
 - 2) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркейді және оларға күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар береді;
 - 3) сырттай дауыс беру үшін алынған бюллетеньдердің жарамдылығын айқындайды және күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша жарамды бюллетеньдердің санын және оларда көрсетілген дауыстарды санайды;
 - 4) Акционерлердің жалпы жиналысы кворумының, оның ішінде жиналыс өткізілетін бүкіл уақыт ішінде болуын айқындайды және кворумның болуы немесе болмауы туралы хабарлайды;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелерін түсіндіреді;
 - 6) Акционерлердің жалпы жиналысында қаралған мәселелер бойынша дауыстарды санайды және дауыс берудің қорытындыларын шығарады;
 - 7) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды;
 - 8) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді және дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы Қоғамның мұрағатына береді.
 3. Есептік комиссия Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беруге арналған толтырылған бюллетеньдердегі ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

11-бап. ӨКІЛДІК

1. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы дауыс беруге құқылы. Қоғамның атқарушы органы мүшелерінің (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) Акционерлердің жалпы жиналысында акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ. Мұндай өкілдік Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі барлық мәселелер бойынша дауыс беру туралы нақты нұсқаулары бар сенімхатқа негізделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметкерлерінің Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлердің өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.
2. Қазақстан Республикасының заңнамасына немесе шартқа сәйкес Акционердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүддесін білдіруге құқығы бар тұлға үшін Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

12-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫН ҚАТЫСУ ТӘРТІБІМЕН ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

1. Акционерлердің жалпы жиналысын көзбе-көз тәртіппен өткізу тәртібі осы Жарғыға, Заңға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарына сәйкес, не Акционерлердің жалпы жиналысының тікелей шешімімен айқындалады.
2. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген Акционерлерді (Акционерлердің өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі

- Акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуге тиіс.
3. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысына келген Акционер (Акционердің өкілі) тіркелуге міндетті.
Тіркеуден өтпеген Акционер (Акционердің өкілі) кворумды айқындау кезінде ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.
Қоғамның артықшылықты акцияларының меншік иесі болып табылатын Акционер Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысына қатысуға және өзі қарайтын мәселелерді талқылауға қатысуға құқылы.
 4. Егер дауыс беруге арналған бюллетеньді бұрын жіберген Акционер Акционерлердің аралас дауыс беру пайдаланылатын Жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, оның бұрын жіберілген бюллетені Акционерлердің жалпы жиналысының кворумын айқындау және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыстарды санау кезінде есепке алынбайды.
 5. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады. Барлық Акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, хабарланған және жиналыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайды қоспағанда, Акционерлердің жалпы жиналысы хабарланған уақыттан бұрын ашылмауы тиіс.
 6. Акционерлердің жалпы жиналысы жиналыстың Төрағасын (төралқасын) және хатшысын сайлауды өткізеді және ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын айқындайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын, хатшысын сайлау туралы мәселе бойынша дауыс беру кезінде шешім дауыс беру құқығы бар қатысушылардың жай көпшілік даусымен қабылданады.
 7. Жиналысқа қатысқан барлық Акционерлер атқарушы органға кіретін жағдайды қоспағанда, атқарушы органның мүшелері Акционерлердің жалпы жиналысында төрағалық ете алмайды.
 8. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы.
 9. Төрағаның күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға қатысуға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеуіне, мұндай сөздер Акционерлердің жалпы жиналысының регламентін бұзуға әкеп соғатын немесе осы мәселе бойынша жарыссөз тоқтатылған жағдайларды қоспағанда, кедергі жасауға құқығы жоқ.
 10. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарауды келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.
 11. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін ғана жабық деп жариялануы мүмкін.
 12. Жиналыстың хатшысы Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығына жауап береді.

13-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ СЫРТТАЙ ДАУЫС БЕРУ АРҚЫЛЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАУЫ

1. Шешімдер сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған Акционерлердің

- дауыс беруімен (аралас дауыс беру) бірге, не Акционерлердің жалпы жиналысының отырысын өткізбей-ақ қолданылуы мүмкін.
2. Сырттай дауыс беруді өткізу кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберіледі (таратылады). Қоғамның дауыс беру нәтижелеріне ықпал ету мақсатында дауыс беруге арналған бюллетеньдерді жекелеген Акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.
 3. Дауыс беруге арналған бюллетень Акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға жіберілуге тиіс:
 - 1) пошта байланысы құралдарын пайдаланған жағдайда - Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірмей;
 - 2) хабарлама электрондық тәсілмен жіберілген немесе ол қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда - Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жіберілуге тиіс.

Акционерлер саны жүз және одан да көп Қоғамда сырттай дауыс беру кезінде Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысында сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарламамен бірге қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында жариялауға міндетті.
 4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде келесілер болуға тиіс:
 - 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) жиналысты шақырудың бастамашысы туралы мәліметтер;
 - 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күнін қамтиды;
 - 4) Акционерлердің жалпы жиналысының жабылу күні;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) Егер Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
 - 7) дауыс беру жүргізілетін мәселелерді тұжырымдау болып табылады;
 - 8) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
 - 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібінің түсіндірмесі.
 5. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке тұлға - Акционер (жеке тұлға - Акционердің өкілі) осы тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюға тиіс. Заңды тұлға - Акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысы (заңды тұлға - Акционердің өкілі) қол қоюға тиіс.

Акционердің өкілі сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге қол қойған жағдайда, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер өкілінің өкілеттігін растайтын сенімхаттың немесе өзге де құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Жеке тұлға - Акционердің, не заңды тұлға - Акционер басшысының немесе жеке тұлға - Акционер өкілінің не заңды тұлға - Акционер өкілінің қолы қойылмаған бюллетень жарамсыз деп есептеледі.
 6. Дауыстарды санау кезінде Акционер (Акционердің өкілі) бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасын белгілеген мәселелер бойынша дауыстар ескеріледі.

7. Егер күн тәртібінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселелер болса, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде жекелеген кандидаттарға берілген дауыстардың санын көрсететін жол болуға тиіс.
8. Егер Акционерлердің жалпы жиналысы сырттай дауыс беру арқылы өткізілген жағдайда, тиісті түрде толтырылған бюллетеньдер барлық Акционерлерден дауыстарды санау белгіленген күннен бұрын келіп түссе, онда дауыстарды неғұрлым ертерек күнмен санауға жол беріледі, бұл дауыс беру қорытындылары туралы хаттамада көрсетіледі.

14-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ДАУЫС БЕРУ

1. Дауыс беру келесідей жағдайларды қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда бір Акционерге берілетін акциялар бойынша дауыстардың ең көп санын шектеу;
 - 2) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде кумулятивтік дауыс беру;
 - 3) Акционерлердің жалпы жиналысында жиналыс өткізудің рәсімдік мәселелері бойынша бір дауыс бойынша дауыс беру құқығы бар әрбір тұлғаға беру.
2. Акциялар бойынша берілетін кумулятивтік дауыс беру кезінде Акционер дауыстарды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бір кандидат үшін толық беруі немесе ол Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруі мүмкін. Ең көп дауыс саны берілген кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып танылады.
3. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысында дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылған жағдайда, мұндай дауыс беруге арналған бюллетеньдер (бұдан әрі осы бапта - қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер) дауыс беру жасырын тәсілмен жүзеге асырылатын әрбір жекелеген мәселе бойынша жасалуға тиіс. Бұл ретте, қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньде келесілер болуға тиіс:
 - 1) мәселенің тұжырымы немесе жиналыстың күн тәртібіндегі оның реттік нөмірі;
 - 2) мәселе бойынша «жақтайды», «қарсы», «қалыс қалды» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары немесе Қоғамның органына әрбір кандидат бойынша дауыс беру нұсқалары;
 - 3) Акционерге тиесілі дауыстар саны.
4. Акционер бюллетеньге өзі қол қоюға, оның ішінде заңға сәйкес өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қою мақсатында тілек білдірген жағдайды қоспағанда, қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньге Акционер қол қоймайды.
5. Қатысып жасырын дауыс беруге арналған бюллетеньдер бойынша дауыстарды санау кезінде дауыс берушілердің бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібі сақталған және дауыс берудің тек бір ғана ықтимал нұсқасы қалдырылған мәселелер бойынша дауыстары ескеріледі.

15-бап. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

1. Дауыс беру қорытындылары бойынша Есеп комиссиясы немесе оның функцияларын орындайтын тұлға дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасайды және оған қол қояды.

2. Акционерде дауыс беруге шығарылған мәселе бойынша ерекше пікір болған жағдайда, Есеп комиссиясы немесе оның функцияларын орындайтын тұлға хаттамаға тиісті жазба енгізуге міндетті.
3. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама жасалып, оған қол қойылғаннан кейін қатысып жасырын және сырттай дауыс беру үшін толтырылған (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер де), соның негізінде хаттама жасалған бюллетеньдер хаттамамен бірге тігіледі және Қоғамда сақталады.
4. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.
5. Дауыс беру қорытындылары Акционерлердің дауыс беру өткізілген Жалпы жиналысында жария етіледі.
6. Дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері Акционерлердің назарына оларды қазақ және орыс тілдерінде Акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін күнтізбелік он бес күн ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қоғамның ресми сайтында жариялау арқылы жеткізіледі.
7. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс.
8. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетіледі:
 - 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
 - 2) Акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күн, уақыт және орын;
 - 3) Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Қоғамның дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
 - 4) Акционерлердің жалпы жиналысының кворумы;
 - 5) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
 - 6) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
 - 7) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
 - 8) Акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың сөз сөйлеуі;
 - 9) Акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беруге қойылған күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Акционерлердің жалпы дауыс саны;
 - 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
 - 11) Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер.
Акционерлердің жалпы жиналысында Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау (Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау) туралы мәселе қаралған жағдайда, Жалпы жиналыстың хаттамасында Директорлар кеңесінің сайланған мүшесі қандай Акционердің өкілі болып табылатыны және (немесе) Директорлар кеңесінің сайланған мүшелерінің қайсысы тәуелсіз директор болып табылатыны көрсетіледі.
9. Акционерлердің қатысу тәртібімен өткізілетін Жалпы жиналысының хаттамасына қол қойылуға жатады:
 - 1) Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасымен (төралқа мүшелерімен) және хатшысымен;
 - 2) есеп комиссиясының мүшелерімен (бар болған жағдайда);
10. Сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына есеп комиссиясының мүшелері (егер Есеп комиссиясын сайлау талап етілмеген жағдайда - Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы) қол қоюға тиіс.
11. Осы баптың 9 және 10-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың біреуі хаттаманың мазмұнымен келіспеген жағдайда, осы тұлға бас тарту себебіне жазбаша түсініктеме бере отырып, оған қол қоядан бас тартуға құқылы, ол хаттамаға қоса тіркелуге тиіс.

12. Хаттама дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, қатысу және дауыс беру құқығына берілген сенімхаттармен, сондай-ақ хаттамаға қол қоюмен және хаттамаға қол қоюдан бас тарту себептерінің жазбаша түсініктемелерімен бірге тігіледі. Көрсетілген құжаттар басқармада сақталуға және танысу үшін акционерлерге кез келген уақытта берілуге тиіс. Акционердің талап етуі бойынша оған Акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

16-бап. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

1. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Жарғысында және (немесе) заңда Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.
2. Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесідей мәселелер жатады:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда, Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау немесе Қоғамның даму жоспарын бекіту;
 - 2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс Жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
 - 3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
 - 5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
 - 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
 - 7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;
 - 8) Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және мүшелерін (атқарушы органның функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын ұлғаны) сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) Басқарма басшысы мен мүшелерінің (атқарушы органның функциясын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның) лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және оларға еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
 - 10) Ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін және Ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау;
 - 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;
 - 12) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген, не ірі мәміленің нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау;
 - 13) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында басқарма қабылдайтын құжаттарды қоспағанда), оның ішінде

- аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
- 14) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 15) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;
 - 16) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға Акционерлерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;
 - 17) Қоғамның міндеттемелерін оның меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту;
 - 18) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты айқындау;
 - 19) ірі мәмілелерді және жасалуы туралы шешімді заңға сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қоғамның мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;
 - 20) үшінші тұлғалардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету туралы шешім қабылдау, оның ішінде үшінші тұлғалар үшін кепілдіктер мен кепілдемелер беру;
 - 21) Қоғамның осы Жарғысында көзделген, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер жатады.
3. Тізбесі осы баптың 2-тармағында белгіленген мәселелер шешу үшін Басқармаға берілмейді.
 4. Директорлар кеңесінің Қоғам Жарғысына сәйкес Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.
 5. Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдер вето құқығы белгіленген мәселелер бойынша «алтын акция» иесімен келісілуге тиіс.
 6. Директорлар кеңесі:
 - 1) мүдделердің ықтимал қақтығыстарын, оның ішінде Қоғам меншігін құқыққа сыйымсыз пайдалануды және мүдделілік болуына орай мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалануды лауазымды тұлғалар мен Акционерлер деңгейінде қадағалауға және оларды мүмкіндігінше жою керек;
 - 2) Қоғамдағы корпоративтік басқару практикасының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру керек.

17-бап. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

1. Аса маңызды мәселелерді қарау және Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындау үшін Қоғамда Директорлар кеңесінің келесідей мәселелер бойынша комитеттері құрылады:
 - 1) стратегиялық жоспарлау;
 - 2) кадрлар және сыйақылар;
 - 3) Ішкі аудит;
 - 4) әлеуметтік мәселелер бойынша;
 - 5) Қоғамның ішкі құжаттарында Директорлар кеңесінің өзге мәселелер жөніндегі комитеттерін құру көзделуі мүмкін.

Директорлар кеңесінің жекелеген комитеті қарайтын Ішкі аудит мәселелерін қоспағанда, осы тармақта санамаланған мәселелерді қарау Директорлар кеңесінің бір немесе бірнеше комитетінің құзыретіне жатқызылуы мүмкін.

2. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесінің мүшелерінен және нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылардан тұрады.

Директорлар кеңесінің комитетін Директорлар кеңесінің мүшесі басқарады. Функцияларына осы баптың 1-тармағының 1) -4) тармақшаларында көзделген мәселелерді қарау кіретін Директорлар кеңесі комитетінің басшылары (төрағалары) тәуелсіз директорлар болып табылады. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесі комитетінің төрағасы бола алмайды. Ішкі аудит мәселелері жөніндегі Комитет Директорлар кеңесінің мүшелерінен ғана тұруға тиіс.

3. Директорлар кеңесі комитеттерін қалыптастыру және олардың жұмыс істеу тәртібі, сондай-ақ олардың сандық құрамы Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі құжатында белгіленеді.

18-бап. ҚОҒАМНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТӘРТІБІ

1. Жеке тұлға ғана Директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.
2. Директорлар кеңесінің мүшесі Заңға және (немесе) Қоғамның Жарғысына сәйкес өзіне жүктелген функцияларды орындауды өзге тұлғаларға беруге құқылы емес.
3. Директорлар кеңесінің мүшелері келесі қатардан сайланады:
 - 1) Акционерлер-жеке тұлғалар;
 - 2) Директорлар кеңесіне Акционерлердің өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыным берілген) тұлғалар;
 - 3) Қоғамның Акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне Акционердің өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған (ұсыным берілмеген) жеке тұлғалар.
4. Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат дауысқа түсетін жағдайды қоспағанда, Акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.
5. Кумулятивтік дауыс беру бюллетенінде келесідей бағандар болуға тиіс:
 - 1) Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізбесі;
 - 2) Акционерге тиесілі дауыс саны;
 - 3) Акционердің директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат үшін берген дауыстарының саны.Кумулятивтік дауыс беруге арналған бюллетеньге «қарсы» және «қалыс қалды» деген дауыс беру нұсқаларын енгізуге тыйым салынады.
6. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша дауыстарды бір кандидат үшін толық беруге немесе оларды Директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөлуге құқылы. Ең көп дауыс санын жинаған кандидаттар Директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер Директорлар кеңесінің мүшелігіне екі және одан да көп кандидат тең дауыс санын жинаған болса, Акционерлерге тең дауыс санын алған кандидаттар көрсетілген кумулятивтік дауыс беру бюллетеньдерін ұсыну арқылы осы кандидаттарға қатысты қосымша кумулятивтік дауыс беру өткізіледі.

7. Басқарма мүшелері, оның басшысынан басқа, Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Басқарма басшысы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.
8. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайтын кемінде үш тұлғаны құрауға тиіс. Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында белгіленеді.
9. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі Акционерлердің жалпы жиналысында белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Акционерлердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау өтетін Жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.
10. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Акционерлердің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған күннен бастап тоқтатылады. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күн көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.
11. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Сайлау Акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған кумулятивтік дауыс берумен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшесінің өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.
12. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, шектеусіз рет қайта сайлана алады.
13. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан жасырын дауыс беру арқылы мүшелердің жалпы санының көпшілік даусымен сайланады. Директорлар кеңесі төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.
14. Директорлар кеңесінің Төрағасы оның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қоғамның Жарғысында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады.
15. Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе Басқармасының бастамасы бойынша, не келесілердің талабы бойынша шақырылуы мүмкін:
 - 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
 - 2) Қоғамның Ішкі аудит қызметінің;
 - 3) Қоғамға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның негізінде;
 - 4) ірі Акционердің.
16. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің Төрағасына Директорлар кеңесі отырысының ұсынылып отырған күн тәртібін қамтитын тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы қойылады.
17. Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда, бастамашы аталған талаппен Басқармаға жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің отырысын

Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Басқарма шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс. Директорлар кеңесінің отырысы осындай талапты қойған тұлғаны міндетті түрде шақыра отырып өткізіледі.

18. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама жіберу тәртібін Директорлар кеңесі айқындайды, ал «алтын акция» иесіне хабарлама жіберу тәртібі Қоғамның Жарғысында айқындалады. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік үш күн бұрын ұсынылады.
Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле жасасу туралы шешім қабылдау туралы мәселе қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің орындалу мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ бағалаушының есебі (Заңда көзделген жағдайда) қамтылуға тиіс.
19. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің Директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы Басқармаға алдын ала хабарлауға міндетті.
20. Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде жартысы болуға тиіс. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны Жарғыда айқындалған кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар Кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін Акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері Акционерлердің осындай кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.
21. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие.
22. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған мүшелердің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Директорлар кеңесі төрағасының немесе отырысқа төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.
23. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.
24. Директорлар кеңесінің отырыстары күндізгі және сырттай тәртіпте өткізіледі. Директорлар кеңесінің мүшелері отырысқа байланыс құралдарын пайдалана отырып, қашықтықтан қатыса алады.
25. Белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум болған жағдайда, шешім сырттай дауыс беру арқылы қабылданды деп танылады. Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және оған Директорлар кеңесінің хатшысы мен Төрағасы қол қоюы тиіс. Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күн ішінде ол Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуге тиіс, оларға осы шешімді қабылдауға негіз болған бюллетеньдердің көшірмелері қоса беріледі.
26. Директорлар кеңесінің көзбе-көз тәртіппен өткізілген отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде ол жасалып, оған отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде Отырысқа төрағалық еткен тұлғамен және Директорлар кеңесінің Хатшысымен қол қойылады және ол келесілерді қамтиды:
 - 1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жерін;
 - 2) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орнын;
 - 3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтерді;
 - 4) отырыстың күн тәртібін;

- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындыларын;
 - 6) қабылданған шешімдерді;
 - 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтерді.
27. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және Директорлар кеңесінің сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдері Қоғамда сақталады. Директорлар кеңесінің Хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған танысу үшін отырыстың хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді ұсынуға және (немесе) оған Қоғамның уәкілетті қызметкерінің қолымен расталған хаттама мен шешімнен үзінді көшірмелер беруге міндетті.
28. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қоғамның Директорлар кеңесі Заңда және Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіпті бұза отырып қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі оған сот тәртібімен дау айтуға құқылы.
29. Егер көрсетілген шешіммен Қоғамның және (немесе) осы Акционердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылса, Акционер Қоғамның Директорлар кеңесінің Қоғам Заңының және Жарғысының талаптарын бұза отырып қабылдаған шешіміне сотта дау айтуға құқылы.

19-бап. ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫ

1. Ағымдағы қызметке басшылықты атқарушы орган-Басқарма жүзеге асырады.
2. Басқарма Қоғам қызметінің Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде және Қоғам Жарғысында Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.
3. Қоғам Басқармасының шешімдері хаттамамен ресімделеді, оған Басқарманың отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қоюға және онда дауысқа қойылған мәселелер, Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетіле отырып, олар бойынша дауыс беру қорытындылары қамтылуға тиіс. Қоғам Басқармасы мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде Қоғам Басқармасының басқа мүшесіне беруіне жол берілмейді.
4. Вето құқығы белгіленген мәселелер бойынша Басқарманың шешімдері «алтын акция» иесімен келісілуге тиіс. Егер мәміле жасасу кезінде Тараптардың осындай шектеулер туралы білгенін дәлелдесе, Қоғам Басқармасы Қоғам белгілеген шектеулерді бұза отырып жасаған мәміленің жарамдылығына Қоғам дау айтуға құқылы.
5. Басқарма директорлар кеңесімен сайланады. Сандық құрамды Директорлар кеңесі айқындайды. Қоғамның Басқармасы келесілерден тұрады:
 - 1) Басқарма төрағасынан;
 - 2) Басқарма төрағасының бірінші орынбасарынан;
 - 3) Басқарма мүшелерінен.
6. Басқарманы басқарма төрағасы басқарады. Қоғамның Акционерлері және оның Акционерлері болып табылмайтын қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады. Басқарма мүшесі басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы, тек қана Директорлар кеңесінің келісімімен.

Басқарма төрағасының атқарушы орган басшысының, не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның лауазымын атқаруға, не қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік заңды тұлғаның филиалы басшысының лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

7. Басқарма төрағасының бірінші орынбасары және Басқарма мүшелері қажет болған жағдайда, Басқарма төрағасы айқындайтын лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес жекелеген функционалдық міндеттерді жүзеге асырады.
8. Басқарма мүшелерінің функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерімен, Қоғамның Жарғысымен, сондай-ақ аталған тұлғаның Қоғаммен жасасқан еңбек шартымен айқындалады. Қоғам атынан Басқарма төрағасымен еңбек шартына Директорлар кеңесінің төрағасы немесе Акционерлердің жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген тұлға қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Басқарма төрағасы қол қояды.
9. Басқарманың отырыстары қажеттілігіне қарай, Басқарманың кез келген мүшесінің бастамасы бойынша шақырылады. Басқарма отырысын өткізуге арналған кворум, егер отырысқа Басқарманың кемінде үш мүшесі қатысса, қамтамасыз етілген болып есептеледі.
10. Басқарманың шешімдері Басқарма мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Дауыстар саны тең болған жағдайда Басқарма төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
11. Хаттамаға отырыс өткізілген күннен бастап жеті күн ішінде қол қойылады және онда келесілер қамтылуы керек:
 - 1) отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны;
 - 2) отырысқа қатысушылардың дербес құрамы;
 - 3) талқылауға қойылған мәселелер және Басқарманың әрбір мүшесінің әрбір мәселе бойынша дауыс беру нәтижесі көрсетілген олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
 - 4) қабылданған шешімдер;
 - 5) Басқарманың шешімі бойынша өзге де мәліметтер.
12. Отырыстың хаттамаларында көрсетілген Басқарма шешімдерінің Қоғамның барлық қызметкерлері үшін міндетті күші болады.
13. Басқарма төрағасы:
 - 1) Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;
 - 2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
 - 3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғам атынан өкілдік ету құқығына сенімхаттар береді;
 - 4) Қоғамның қызметкерлерін (Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда) қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады, оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік жазалар қолданады, Қоғамның штат кестесіне сәйкес, Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді, Қоғамның атқарушы органының және Ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақылар мөлшерін айқындайды;
 - 5) өзі болмаған жағдайда, өз міндеттерін атқаруды Басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;
 - 6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттіктер саласын және жауапкершілікті бөледі;

- 7) Қоғамның Жарғысында және Акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінде айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.
14. Басқарма төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін орындауды Басқарма төрағасының бірінші орынбасарымен жүзеге асырылады.

20-бап. ҚОҒАМНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

1. Қажет болған жағдайларда, Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылады.
2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және Басқарманың құрамына сайлана алмайды.
3. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оның алдында өз жұмысы туралы есеп береді.
4. Қоғамның Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен айқындалады.

21-бап. ҚОҒАМНЫҢ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫ

1. Қоғамның лауазымды тұлғалары өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Акционерлердің (Жалғыз акционердің) мүдделерін неғұрлым жоғары дәрежеде көрсететін тәсілдерді пайдаланады.
2. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғамның мүлкін пайдаланбауға немесе оны Қоғамның осы Жарғысына және Акционерлердің (Жалғыз акционердің) және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы пайдалануға, сондай-ақ жеке мақсаттарда пайдалануға жол бермеуге және өздерінің үлестес тұлғаларымен мәмілелер жасаған кезде теріс пайдаланбауға тиіс.
3. Қоғамның лауазымды тұлғалары тәуелсіз аудиттің жүргізілуін қоса алғанда, бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етуге міндетті.
4. Қоғамның Лауазымды тұлғалары Қоғам қызметі туралы ақпараттардың Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес ашылуын және берілуін бақылайды.
5. Қоғамның Лауазымды тұлғалары Қоғамның қызметі туралы ақпараттың құпиялығын сақтауға, соның ішінде, егер Қоғамның ішкі құжаттарында өзгеше анықталмаса, оны Қоғамдағы жұмысын тоқтатқаннан сәттен бастап үш жыл ішінде сақтауға міндетті.
6. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелері:
 - 1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғам Жарғысының және ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес ақпараттылық, айқындамалық негізде Қоғамның және оның Акционерлерінің мүдделерінде әрекет ету керек;
 - 2) барлық Акционерлерге бірдей дәрежеде әділ болуға, корпоративтік мәселелер бойынша объективті тәуелсіз пікір білдіру керек.
7. Қоғамның лауазымды тұлғалары Қоғам мен Акционерлердің алдында, олардың әрекеттерімен және (немесе) әрекетсіздігімен келтірілген зиян үшін, төменде көрсетілгендердің нәтижесінде шеккен шығындарын қоса алғанда, алайда олармен шектелместен, Қоғам шеккен шығындар үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікте болады:
 - 1) адастыратын ақпарат немесе қасақана жалған ақпарат беру;
 - 2) Заңмен және Қоғам Жарғысымен белгіленген ақпаратты беру тәртібін бұзу.

- 3) олардың арамдық іс-әрекеттері және (немесе) әрекетсіздігі әтижесінде қоғамға шығын келтірген ірі мәмілелер және (немесе) мүдделік танылған мәмілелер жасасуға және (немесе) мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдау туралы ұсыныстар, соның ішінде олардың, не болмаса олардың үлестес тұлғаларының Қоғаммен мұндай мәмілелер жасасу нәтижесінде табыс (кіріс) алу мақсатында жасалған ұсыныстар.
8. Заңда және (немесе) Қоғамның Жарғысында көзделген жағдайларда Акционерлердің жалпы жиналысының ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай мәміле жасасу туралы шешім қабылдауы оларды жасасуға ұсынған лауазымды тұлғаны немесе өзі мүшесі болып табылатын Қоғам органының отырысында жосықсыз әрекет еткен және (немесе) әрекет етпеген лауазымды тұлғаны, оның ішінде олардың, не олардың үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуы мақсатында, егер оларды орындау нәтижесінде Қоғамға залал келтірілсе, лауазымды тұлғаны жауаптылықтан босатпайды.
9. Қоғам Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде немесе Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) Акционер (Акционерлер) Қоғам мүддесі үшін өз атынан Қоғамның мүдделілігі бар мәмілені жасауы нәтижесінде және соның нәтижесінде құны Қоғамның активтері баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті Қоғам сатып алуы немесе иеліктен шығаруы нәтижесінде Қоғамда туындаған зиян үшін лауазымды тұлғаны жауаптылыққа тарту туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы, егер мәміле жасасу туралы шешім қабылдау кезінде мұндай мүліктің құны «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы айқындаған оның нарықтық құнына анық мөлшерлес еместігі дәлелденсе, лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының пайда (кіріс) алуына әкеп соққан мүліктің құнын айқындауға жол беріледі.
10. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Қоғам немесе Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) Акционер (Акционерлер) өз атынан лауазымды тұлғаға өзінің Қоғамға келтірген залалын, не залалын өтеу туралы, сондай-ақ лауазымды тұлғаның және (немесе) оның үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алынған пайданы (кірісті) Қоғамға қайтаруы туралы, егер лауазымды тұлға теріс пиғылды әрекет жасаған және (немесе) әрекет етпеген жағдайда, Қоғам шығындарының туындауына әкеп соққан болса, лауазымды тұлғаны жауапқа тарту туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.
11. Акционерлердің жалпы жиналысы шешімінің негізінде Қоғам немесе Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) Акционер (Акционерлер) өз атынан Қоғамның лауазымды тұлғасына және (немесе) үшінші тұлғаға, егер осындай мәмілені жасасу және (немесе) жүзеге асыру кезінде Қоғамның осы лауазымды тұлғасы осындай үшінші тұлғамен келісім негізінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарының немесе оның еңбек шартының талаптарын бұза отырып әрекет етсе, Қоғамның осы үшінші тұлғамен жасалған мәмілесі нәтижесінде Қоғамға келтірілген залалдарды өтеу туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл жағдайда, аталған үшінші тұлға және Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғамға осындай залалдарды өтеу кезінде ортақ борышкерлер ретінде әрекет етеді.

Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) Акционер (Акционерлер) сот органдарына өтініш жасағанға дейін Қоғамның лауазымды тұлғаларының келтірген залалдарды Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайданы (кірісті) қоғамға қайтаруы туралы мәселе шығару туралы талаппен Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына, Директорлар кеңесінің отырысына жүгінуі керек.

Директорлар кеңесінің төрағасы осы тармақта көрсетілген өтініш келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Директорлар кеңесінің бетпе-бет отырысын шақыруға міндетті.

Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) Акционердің (Акционерлердің) өтініші бойынша Директорлар кеңесінің шешімі отырыс өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде оның (олардың) назарына жеткізіледі. Директорлар кеңесінің көрсетілген шешімін алғаннан кейін не ол осы тармақта белгіленген мерзімде алынбағаннан кейін Қоғамның дауыс беретін акцияларының бес және одан да көп пайызын иеленетін (жинақтап алғанда иеленетін) Акционер (Акционерлер) көрсетілген мәселе бойынша Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына Акционердің өтініш жасағанын растайтын құжаттар болған кезде өз атынан Қоғамның мүдделерін қорғау үшін талап-арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

12. Мәміле жасауға мүдделі және орындалуы нәтижесінде Қоғамға залал келтірілген мәмілені жасауға ұсынған лауазымды тұлғаны қоспағанда, Қоғамның лауазымды тұлғалары, егер Қоғамның органы қабылдаған, Қоғамның, не Акционердің залалына әкеп соққан шешімге қарсы дауыс берсе немесе дәлелді себептер бойынша дауыс беруге қатыспаса, жауапкершіліктен босатылады.

Лауазымды тұлға, егер оның Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметінің Заңда белгіленген қағидаттарын сақтай отырып, шешім қабылдау кезіндегі өзекті (тиісті) ақпарат негізінде тиісті түрде әрекет еткені дәлелденсе және мұндай шешім Қоғамның мүдделеріне қызмет етеді деп негізді түрде санаса, коммерциялық (кәсіпкерлік) шешім нәтижесінде туындаған залалдарды өтеуден босатылады.

13. Сот меншікке қарсы, Экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп таныған, сондай-ақ қылмыстық жауаптылықтан тармақтардың негізінде босатылған қоғамның лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтары немесе 36-бабының аталған қылмыстарды жасағаны үшін заңда белгіленген тәртіппен өтелген, не алып тасталған күннен бастап бес жыл ішінде бас тартуға болмайды, Қоғамның лауазымды тұлғаларының, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысында Акционерлер өкілінің міндеттерін орындауға міндетті.
14. Егер Қоғамның қаржылық есептілігі қоғамның қаржылық жағдайын бұрмаласа, Қоғамның осы қаржылық есептілігіне қол қойған Қоғамның лауазымды тұлғалары осының нәтижесінде материалдық залал келтірілген үшінші тұлғалардың алдында жауапты болады.
15. Осы баптың 10-12 - тармақтарының ережелері Қоғамға осы баптың 9-тармағында көзделген мәмілені жасау нәтижесінде туындаған зиян келтірілген жағдайларға қолданылады.

**22-бап. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ
ОЛАРДЫҢ ҮЛЕСТЕС ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ
АҚПАРАТТЫ БЕРУ ТӘРТІБІ**

1. Қоғамның үлестес тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия ақпарат болып табылмайды.
2. Қоғамның үлестес тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар үлестестігі пайда болған күннен бастап жеті күн ішінде Қоғамға өзінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді беруге міндетті.
3. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе орталық депозитарий ұсынатын мәліметтер негізінде (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі Акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты ғана) жүргізуге міндетті.
4. Қоғам Акционерлері мен лауазымды тұлғаларының олардың үлестес тұлғалары туралы ақпаратты беруі тәртібі осы Жарғымен белгіленеді.
5. Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтындар:
 - 1) коммерциялық емес ұйымның немесе кредиттік бюроның ірі Акционерлері (қатысушылары) болып табылатын тұлғалар;
 - 2) әрекетке қабілетсіз немесе қабілеті шектеулі тұлғалар.
6. Қоғам өзінің үлестес тұлғаларының тізімін уәкілетті органға ол белгілеген тәртіпте ұсынуы тиіс.

**23-бап. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ, АУДИТІ,
ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ**

1. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасында қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарында белгіленеді;
2. Басқарма жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына талқылау және бекіту үшін аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген өткен жыл үшін жылдық қаржылық есептілікті ұсынады. Басқарма қаржылық есептіліктен басқа Акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есеп береді.
3. Жылдық қаржылық есептілікті Директорлар кеңесі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін отыз күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс.
4. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекіту Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.
5. Қоғам жыл сайын қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, ал еншілес ұйымы (ұйымдары) болмаған жағдайда - шоғырландырылмаған жылдық қаржылық есептілікті және аудиторлық есепті уәкілетті орган белгілеген тәртіппен және мерзімдерде жариялауға міндетті.
6. Ірі мәміле және (немесе) мүдделілік болуына орай жасалатын мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашылады, сондай-ақ Заңның және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес Акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізіледі. Нәтижесінде Қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы

сомасына мүлік сатып алынатын, не иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпаратта мәміленің тараптары, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтер, сондай-ақ мәміле туралы өзге де мәліметтер қамтылуға тиіс.

7. Сот банкрот деп таныған Қоғамды қоспағанда, Қоғам жылдық қаржылық есептіліктің аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамның аудиті Директорлар кеңесінің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен, не ірі Акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте ірі Акционер аудиторлық ұйымды дербес айқындауға құқылы. Ірі Акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті құжаттаманы (материалдарды) беруге міндетті.
8. Егер Қоғам Басқармасы Қоғам аудитін жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.
9. Қоғам қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және қор биржасының интернет-ресурсында ақпаратты «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ашуды жүзеге асыруға міндетті.
10. Қоғамның өз қызметіне қатысты құжаттарын Қоғам өз қызметінің бүкіл мерзімі ішінде Қоғамның атқарушы органы орналасқан жерде немесе Жарғыда айқындалған өзге де жерде сақтауға тиіс.
11. Акционердің талап етуі бойынша Қоғам оған Заңда көзделген құжаттардың көшірмелерін Қоғамның Жарғысында айқындалған тәртіппен, бірақ мұндай талап Қоғамға келіп түскен күннен бастап күнтізбелік он күннен кешіктірмей беруге міндетті, бұл ретте қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты беруге шектеулер енгізуге жол беріледі.
12. Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін ақының мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттардың көшірмелерін дайындауға және құжаттарды Акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеуге арналған шығыстардың құнынан аспауға тиіс.
13. Қоғамның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараты бар бағалы қағаздарын шығарудың, орналастырудың, айналысқа шығарудың және айырбастаудың жекелеген мәселелерін регламенттейтін құжаттар танысу үшін Акционерге оның талап етуі бойынша берілуге тиіс.
14. Қоғам Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер бойынша мәселелер тізбесін белгілейтін ішкі құжатты әзірлеуге және Қоғамның басқару органы оны бекітуге міндетті, ол туралы ақпарат Акционерлер мен инвесторлардың назарына жеткізілуіне тиіс.

24-бап. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

1. Қоғамды қайта құру (қосылу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.
2. Қоғамды ерікті түрде тарату туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес кредиторлармен келісім бойынша және олардың бақылауымен тарату рәсімін айқындайтын Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

3. Қоғамды мәжбүрлеп таратуды Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларда сот жүзеге асырады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, мүдделі тұлғалар Қоғамды тарату туралы талапты сотқа беруі мүмкін.
4. Қоғамды тарату туралы соттың немесе Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен тарату комиссиясы тағайындалады. Тарату комиссиясы Қоғамды тарату кезеңінде оны басқару және тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған іс-әрекеттер жасау жөніндегі өкілеттіктерге ие болады. Тарату комиссиясының құрамына Қоғамның кредиторларынан өкілдер, ірі Акционерлердің өкілдері, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналысының шешіміне сәйкес өзге де тұлғалар енгізілуге тиіс.
5. Қоғамды тарату рәсімі және оның кредиторларының талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі. Қоғам таратылған жағдайда, оның жарияланған, оның ішінде орналастырылған акциялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылуға жатады.
6. Тарату комиссиясы кредиторлар талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған қоғамның мүлкін заңның 89-бабының тәртібімен Акционерлер арасында бөледі.
Қоғамның таратылуы аяқталды, ал Қоғам бұл туралы мәліметтер бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің Ұлттық тізіліміне енгізілген кезден бастап өз қызметін тоқтатты деп есептеледі.

Басқарма төрағасы
Мукажанов Бектас Амангельдинович

 Мукажанов Бектас Амангельдинович

СМОТРИ НА ОСОБОТЕ

УТВЕРЖДЕН
РЕШЕНИЕМ ГОДОВОГО ОБЩЕГО
СОБРАНИЯ АКЦИОНЕРОВ
АО «Fincraft Resources»
Протокол №FR-7-2-01
от 25 августа 2021 года



УСТАВ

АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА

«Fincraft Resources»

Статья 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящий Устав является основой деятельности Акционерного общества «Fincraft Resources», функционирующего в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и законодательством Республики Казахстан о ценных бумагах. Прежним наименованием Акционерного общества «Fincraft Resources» является Акционерное общество «SAT & Company». Созданию Акционерного общества «SAT & Company» предшествует реорганизация в форме преобразования Товарищества с ограниченной ответственностью «SAT & Company» (свидетельство о государственной перерегистрации № 43446-1910-ТОО от 25.01.2005г., выдано Департаментом юстиции города Алматы) в Акционерное общество «SAT & Company».
2. Акционерное общество «SAT & Company», является правопреемником имущества, всех прав и обязанностей реорганизованного Товарищества с ограниченной ответственностью «SAT & Company» в соответствии с передаточным актом.
3. Наименование Акционерного общества «Fincraft Resources» (далее - Общество):
 - 1) на государственном языке – полное - «Fincraft Resources» Акционерлік қоғамы, сокращенное - «Fincraft Resources» АҚ.
 - 2) на русском языке – полное – Акционерное общество «Fincraft Resources», сокращенное – АО «Fincraft Resources».
 - 3) на английском языке: Fincraft Resources Joint stock company, сокращенное - Fincraft Resources JSC.
4. Место нахождения исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, А25D7Y5, г. Алматы, Медеуский район, проспект Достык, дом 300/26.
5. Срок деятельности Общества неограничен.

Статья 2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

1. Общество является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан и осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и иными нормативно-правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом (далее - Устав). Права и обязанности юридического лица Общество приобретает с даты его государственной регистрации в органах Министерства юстиции Республики Казахстан. Общество имеет печать со своим наименованием на государственном и русском языках, самостоятельный баланс, расчетный и другие счета в банках. Общество может иметь свой товарный знак и символику, образцы, которые утверждаются Правлением и регистрируются в установленном законодательством порядке.
2. Общество вправе от своего имени совершать любые сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом, ответчиком и третьим лицом в суде.
3. Общество осуществляет владение, пользование и распоряжение своим имуществом в соответствии с целями своей деятельности. Общество обладает обособленным имуществом, имеет самостоятельный баланс и действует на основе полной самостоятельности, самофинансирования и самокупаемости.

4. Общество вправе самостоятельно осуществлять внешнеэкономические операции, включая право совершать экспортные и импортные сделки, необходимые для его деятельности.
